



Алхан Бөкейхан: «Ultqa qyzmet etý – bilimnen emes, minezden»

AQTOG'AJ AJARY



«Қарағанды журналистикасын дамытуға қосқан үлесі үшін»

1938 жылдың 15 тамызынан
бастап шығады

Ақтоғай айдандық қоғамдық-саяси басылым

f www.facebook.com/a.ajary.kz

№ 32 (8059) 7 тамыз, Жұма 2026 жыл

@ aktogai_red@mail.ru

* Президент тапсырмасы – өміршең өзгерістер

Идея индустриялық игілікке айналады

Бір кездері Қарағандыны барша жұрт көмірдің астанасы ретінде таныды. Бұл атау өңірдің өндірістік әлеуетінің символына айналды. Алайда, уақыт өзгерді. Бүгінде елдің экономикалық қуаты табиғи ресурстармен ғана емес, адам капиталымен, инновациямен және шығармашылық әлеуетпен де өлшенеді. Осы тұрғыдан алғанда креативті индустрия әлемдік экономиканың қарқынды дамып келе жатқан салаларының біріне айналып отыр. Облыста жұмысын бастаған «Сарыарқа Creative Hub» шығармашылық қауымдастықты біріктіріп, креативті индустрияның дамуына жаңа серпін беруде.

Жаңа орталықтың жарқын қадамы Креативті индустрия – идеяны өнімге, талантты табысқа айналдыратын экономиканың жаңа бағыты. Оның құрамына дизайн, кино, анимация, сәулет, сән индустриясы, музыка, қолөнер, графикалық дизайн, бағдарламалау, ойын индустриясы, SMM, мобилография, цифрлық контент өндірісі және басқа да шығармашылық салалар кіреді. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, мұндай экономика жаңа жұмыс орындарын құрып қана қоймай, өңірдің инвестициялық тартымдылығын арттырып, ұлттық мәдениеттің дамуына да серпін береді. Соңғы жылдары елімізде де бұл бағытқа ерекше көңіл бөлініп келеді. Мемлекет шығармашылық кәсіпкерлерді қолдау, гранттар бөлу және креативті орталықтар ашу арқылы саланың дамуына жағдай жасауда. Облыста осы саясаттың нақты көрінісі ретінде «Сарыарқа Creative Hub» креативті орталығы жұмысын бастады. Бұл – шығармашылық адамдардың басын қосып, олардың идеясын нақты жобаға, дайын өнімге әрі табыс көзіне айналдыруды мақсат еткен жаңа алаң. Мұнда суретшілер, дизайнерлер, қолөнершілер, режиссерлер, музыканттар, фотографтар, IT мамандары, контент жасаушылар мен жас кәсіпкерлер бір ортада бас қосып, тәжірибе алмасып, бірлескен жобаларды жүзеге асыра алады. Хабтың құрылуына өңірдегі шығармашылық қауымдастықтың осындай ортаға деген сұранысы негіз болды. Соңғы жылдары жүргізілген зерттеулер Сарыарқа өңірінде талантты жастардың аз еместігін көрсетті. Алайда, олардың басын біріктіретін, жобаларын дамытуға мүмкіндік беретін тұрақты алаң болмағандықтан, көптеген идея жүзеге аспай келген. Жаңа орталық осы олқылықтың орнын толтыруды көздейді. Шығармашылық адамның

басты мәселесі көбіне таланттың жоқтығы емес, оны дамыту мен нарыққа шығарудың жолын білмеуінде. Бірі сурет салады, бірақ оны сатудың тетігін білмейді. Екіншісі қысқаметражды фильм түсіреді, алайда оны қайда ұсынарын білмейді. Үшіншісі ұлттық нақыштағы бұйым жасайды, бірақ нарыққа шығудың мүмкіндігін таппайды. Осындай жағдайда идея мен мүмкіндік арасындағы көпірдің рөлін дәл осы хаб атқарады. Орталықтың жұмысы облыстық Жастар саясаты



мәселелері жөніндегі басқармасымен бірлесіп жүзеге асырылады. Мұндағы негізгі міндет – шығармашылық идеяның дүниеге келуінен бастап оны коммерцияландыруға дейінгі барлық кезеңде қолдау көрсету. Мұнда шығармашылық жобаларды әзірлеу, білім беру бағдарламалары, маркетинг, өнімді нарыққа шығару, актерлік шеберлік, дубляж, дизайн, сән индустриясы, қолөнер және басқа да бағыттар қатар дамытылуда. Бүгінде хабтың есігі шығармашылықпен айналысатын кез келген адамға ашық. Мұндағы басты мақсат – білім беру ғана емес, пікірлес адамдардың басын қосатын қауымдастық қалыптас-тыру. Шығармашылық орта жаңа идеялардың тууына, тәжірибе алмасуға және бірлескен жобалардың жүзеге асуына ықпал етеді. Жастар қайда бет бұрып жатыр? Кейінгі жылдары жастардың қызығушылығы да айтарлықтай өзгерді. Егер бұрын көпшілік дәстүрлі мамандықтарға ұмтылса, бүгінде цифрлық контент өндірісі, мобилография, графикалық дизайн, SMM және IT бағыттарына сұраныс артып келеді. Осы өзгерісті ескерген хаб түрлі курстар, тренингтер мен шеберлік сабақтарын тұрақты ұйымдастырады.

Соның бір мысалы – жуырда во-

лонтерлерге арналған SMM бойынша өткен шеберлік сабағы. Оған отызға жуық жас қатысып, тәжірибелі мамандардан білім алды. Сабақтан кейін қатысушылардың бірі орталық командасына қосылып, алдағы іс-шараларда контент өндіруге ниет білдірген. Бір қарағанда шағын ғана оқиға болғанымен, дәл осындай кездесулер болашақтағы үлкен жобалардың бастамасына айналады. Тағы бір маңызды жоба – Qazyna School жеке мектебінің негізін қалаушы Дәмелі

қолдау бағдарламаларына белсенді қатысып жүрген азаматтардың бірі Дәмелі Ермекова жүзеге асырылып жатқан «Ұлт қазынасы» жобасының жаңа легінде ментор ретінде қатысып, Сарыарқа өңірінің ауылдарын аралап, шығармашылық қабілеті жоғары жастарды іріктеп, олармен жеке жұмыс жүргізуде. Бұл – ауыл жастарының әлеуетін дамытуға бағытталған бастамалардың бірі. Орталықта білім беру бағдарламалары, тренингтер, дәрістер, шығармашылық кездесулер мен шеберлік сабақтары тұрақты өткізіледі.

Дизайнерлер мен қолөнершілерге арналған көрмелер, жәрмеңкелер және шоурум форматындағы алаңдарды дамытуға да басымдық беріледі. Мұндай мүмкіндіктер шығармашылық өнімді көпшілікке таныстырып, тұтынушымен тікелей байланыс орнатуға жол ашады. Қазірдің өзінде хаб экожүйесіне 366 креатор бірігіп, оның 77-сі ресми қатысушы ретінде тіркелген. Осы уақытқа дейін мұнда 50-ден астам іс-шара ұйымдастырылды. Олардың қатарында шеберлік сабақтары, форумдар, көрмелер, шығармашылық кездесулер, кино көрсетілімдері мен питчингтер бар. Бұл көрсеткіштер өңірде креативті қауымдастықтың қалыптасып келе жатқанын аңғартады, – деді «Креативті индустрияларды дамыту қоры» корпоративтік қорының Қарағанды облысы бойынша өкілі Рустам Танишпеков. Технология мен таланттың тоғысы Хаб жұмысы тек бүгінгі күнмен шектелмейді. Орталық өңірдегі креативті индустрияны ұзақ мерзімді дамытуға бағытталған жобаларды қолға алған. Соның ішінде кино өндірісі мен цифрлық технологияларға ерекше көңіл бөлінуде.

Сол жобалардың бірі – «Дауан» эксперименттік мистикалық фэнтези фильмі. Оның басты ерекшелігі – фильм өндірісінде генеративті жасанды интеллект технологияларының қолданылуы. Картина Қарағандыдағы «Сарыжайлау» кинотеатрында көрерменге жол тартып, өңірде жаңа технологияларды пайдалана отырып кино түсіруге болатынын дәлелдеді. Бүгінде орталық базасында 3D модельдеу, цифрлық визуализация және креативті контент өндірісі бағыттары да дамып келеді. Бұл технологиялар кино саласымен ғана шектелмей, сәулет, білім беру, жарнама және дизайн салаларында да кеңінен қолданылады. Алдағы уақытта хаб білім беру бағдарламаларын кеңейтіп,

(Жалғасы 7 - бетте).

Сарышаған кентінде Теміржолшылар күні кең көлемде аталып өтті

Сарышаған кентінде Теміржолшылар күніне орай мерекелік іс-шара ұйымдастырылып, Теміржолшылар саябағы мен теміржолшыларға арналған монументтің салтанатты ашылу рәсімі өтті. Бұл маңызды шараға Ақтоғай ауданының әкімі, «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ өкілдері, теміржол саласының ардагерлері, қызметкерлері



және кент тұрғындары қатысты. Суреттер ұйымдастырушылардан

Салтанатты жиында аудан әкімі жиналған қауымды кәсіби мерекемен құттықтап, теміржол саласының ел экономикасы мен өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосып отырған үлесіне ерекше тоқталды. Өз сөзінде Сарышаған кентінің тарихы мен қалыптасуы теміржол саласымен тығыз байланысты екенін атап өтіп, бүгінгі ашылған монументтің еңбек адамына көрсетілген құрметтің, ал Теміржолшылар саябағының ел игілігіне арналған маңызды әлеуметтік нысан екенін жеткізді. Аудан басшысы жаңа саябақтың тұрғындардың демалыс орны ғана емес, жастардың тәрбиесі мен ұрпақтар

сабақтастығын дәріптейтін мәдени-рухани кеңістікке айналатынына сенім білдірді. Сондай-ақ бұл игі бастаманың жүзеге асуына үлес қосқан азаматтар мен демеушілерге алғыс айтып, олардың туған жердің көркеюіне қосқан еңбегін жоғары бағалады. Іс-шара барысында теміржол саласының дамуына және өңірдің өркендеуіне сүбелі үлес қосқан бірқатар қызметкерлер аудан әкімінің, Сарышаған кенті әкімінің және «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ басшылығының Құрмет грамоталары мен Алғыс хаттарына ие болды. Мерекелік жиын аясында теміржол саласында ұзақ жылдар бойы адал еңбек етіп, өңірдің дамуына елеулі үлес қосқан ауданның Құрметті азаматтарына арналған естелік тақтайшалардың ашылу рәсімі өткізіліп, монументтің лентасы салтанатты түрде қиылды. Концерттік бағдарламада Ақтоғай ауданының «Толқындастар» эстрадалық ансамблі мен Жамбыл облысынан келген «ВИО РЕТРО» ансамблі өнер көрсетіп, көпшілікке көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Мерекелік шара соңында құрметті қонақтарға арнайы дастарқан жайылып, сала ардагерлеріне құрмет көрсетілді. Теміржолшылар күніне арналған бұл тағылымды шара еңбек



адамын ұлықтап, теміржолшылардың қажырлы еңбегіне құрмет білдірумен қатар, жас ұрпаққа ел дамуына үлес қосқан аға буынның өнегелі жолын

насихаттауға бағытталған маңызды іс-шара болды.

Аяулым СОВЕТ.

№6 Сайлаушылар тізімдерінде өзіңізді қалай тексеруге болады?

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Әрбір азамат өзі туралы сайлаушылар тізімдеріндегі деректерді оның тұрғылықты жері бойынша құрылған сайлау учаскелерінің үй-жайларында дауыс беретін күнге он бес күн қалғанда немесе 2026 жылғы 7 тамыздан бастап тексере алады.

Әскери бөлімдерде, шалғай және қатынасу қиын аудандарда, демалыс үйлерінде, санаторийлік-курорттық ұйымдарда, үздіксіз жұмыс істейтін өндірісі бар ұйымдарда, жұмысты вахталық әдіспен ұйымдастыру орындарында, қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде, Қазақстан Республикасының шет мемлекеттердегі өкілдіктерінің жанынан құрылған сайлау учаскелерінде сайлаушылар тізімдермен дауыс беру күніне бес күн қалғанда немесе 2026 жылғы 17 тамыздан бастап таныса алады.

Тізімге енгізілмеген, дұрыс енгізілмеген немесе тізімнен шығарып тасталған, сондай-ақ дәлсіздік жіберілген жағдайда азамат сайлау комиссиясына сайлаушылар тізімдеріндегі деректерді түзету қажеттігі туралы шағымдануға құқылы.

Түзетуді немесе тізімге енгізуді сайлау комиссиясы дереу жүргізеді. Сайлау комиссиясы өтініш мақұлданбаған жағдайда азаматқа оның өтінішінің мақұлданбағаны туралы уәжді шешімнің көшірмесін дереу береді. Шешім бойынша сайлау комиссиясы орналасқан жердегі сотқа шағым жасалуы мүмкін, сот шағымды келіп түскен күні қарайды.

Жаңару үшін дауыс бер!

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы.

№ 6 Как проверить себя в списках избирателей?

23 августа 2026 года состоятся выборы депутатов Курултая Республики Казахстан.

Каждый гражданин вправе проверить данные о себе в списках избирателей за пятнадцать дней до дня голосования или с 7 августа 2026 года в помещениях избирательных комиссий по месту своего проживания.

На избирательных участках, образованных в воинских частях, отдаленных и труднодоступных районах, в домах отдыха, в санаторно-курортных организациях, в организациях с непрерывно действующим производством, в местах организации труда вахтовым методом, специальных учреждениях, обеспечивающих временную изоляцию от общества, при загранучреждениях Республики Казахстан в иностранных государствах избиратели могут ознакомиться со списками за пять дней до дня голосования или с 17 августа 2026 года.

При невключении, неправильном включении или исключении из списка, а также допущении неточности, гражданин вправе подать заявление в избирательную комиссию о необходимости исправления данных в списках избирателей.

Исправление или включение в список производится избирательной комиссией немедленно. В случае отклонения заявления избирательная комиссия безотлагательно выдает гражданину копию мотивированного решения об отклонении его заявления. Решение может быть обжаловано в суде по месту нахождения избирательной комиссии, суд рассматривает жалобу в день ее поступления.

Голосуй за обновление!

Центральная избирательная комиссия Республики Казахстан.

Тоқаң туралы толғау

Танымал тұлғалардың тұзы жеңіл болатыны белгілі. Ел ішінде олар туралы сөз көп. Ақыл-парасатына, ерлігіне ешкім күмән келтірмейтіндерге қатысты аңыздар тараса, ісі күмәнді, іс-

қатысуына тиым салынды. Яғни бұл істерде метрополияның отар халықтарға жасайтын өктемдігі мен қысымы айқын көрінді. Қазақ жерімізден ұшырылып жатқан ғарыш кемесі экипаждарының



әрекеті күлкі тудыратын екінші тобы жайлы анекдоттар айтылады. Айталық, Жиренше шешен, Асан Қайғы, Әлихан Бөкейхан, Бауыржан Момышұлы туралы ауызды ашып, көзді жұмып тыңдайтын аңыздар көп. Ал Қожанасыр, Чапаев, Құбағұл Жандаев, т.б. жайлы езу жиғызбайтын анекдоттар жеткілікті.

Адамзат баласының ғарыш кеңістігіне сапар шеккеніне 65 жылдан астам уақыт өтіпті. Осы мерзімде аспан әлемін жарты мыңнан астам жер тұрғыны шарлап, өз елдерінің мүддесі үшін түрлі ғылыми зерттеулер жасағаны және олардың көбі қорғаныс саласына байланысты жүргізілгені белгілі. Ғарышқа жолы түскендер арасында қазіргі таңда үш-ақ қазақ азаматы бар. Алғашқысы – Тоқтар Әубәкіров.

АҚШ-тың 40-шы президенті Рональд Рейган «зұлымдық империясы» деп атау берген Кеңестер Одағында «мемлекетті индустриаландыру», «халық жауларын әшкерлеу», «елдің қорғаныс қабілетін нығайту», «тың және тыңайған жерлерді игеру», т.б. сылтаулармен салауатты адамның санасына симайтын толып жатқан оқиғалар орын алғаны белгілі. Адамдарға тигізетін игілігінен гөрі саяси мақсаты басым бұл науқандардың барлығы дерлік қазақ жерінде және жергілікті ұлттың мүддесіне қайшы жүргізілді. 1961 жылы басталған «ғарышты бағындыру» бастамасы соның бірі еді. Семей ядролық сынақ полигонымен қатар Байқоңыр ғарыш айлағы қазақ жеріне радиация уын шашып ондаған жылдар жұмыс істеп жатты. Олардың тұрғындарға тигізетін зардабы туралы ақпараттар таратылмады. Жобаларға қазақтардың

құрамына ең болмаса жергілікті азаматтардың бірі қосылсын деген республика өтінішін орталық құлағына да қыстырмады. Сөйтіп, КСРО салтанат құрып тұрғанда білімі мен біліктілігі, ақыл-парасаты, кәсіби даярлығы жеткілікті әскери ұшқыш Мұхтар Алтынбаев «денсаулығы жарамсыз» деген сылтаумен ғарышкерлер қатарына қабылданбайды. Кейін генерал шенін иеленіп, Қазақстан Республикасының қорғаныс министрі лауазымында қызмет атқарған қоғам қайраткерінің мәртебесі одан кеміген жоқ. Тек қазақ баласының жұлдызды сәті бірнеше жылға кейінге шегерілді.

1991 жылғы 2 қазан – Тоқтар Әубәкіров ғарышқа көтерілген сәт. Мәскеу бұл жолы қазақ азаматының «денсаулығы жарамсыз» деп сылтау айта алмады – Тоқтар Әубәкіров КСРО-дағы саусақпен санарлық сынақшы ұшқыштың бірі болатын. Оның үстіне, уақыт басқа еді: Одақ құрамындағы біраз республика дербестігін жариялап, Тәуелсіздік Қазақстанның да есігін қағып тұрған. Қазақ есімін ғарышқа жазу пешенесіне бұйырған, бүгін сексеннің сеңгіріне шығып отырған қасиетті Қарқаралы перзенті туралы да аңыздар жетерлік. Осы сәтте тарихи тұлғаның өміріне қатысты, қоғамдық желіде түрлі-түрлі «бояулармен» беріліп жүрген деректерді бір ізге түсіргенді жөн көрдік. Академик Әлкей Марғұлан айтқандай, артық білім бас жармайды.

Тоқтар II дүниежүзілік соғыстан соң, 1946 жылы 27 шілдеде Қарқаралы ауданының Ақжол аулында, Әубәкір ұстаның шаңырағында жарық дүниеге келіпті. Қамия ана шаңырақ қара иесінің алдындағы екі апасынан басқа тоғыз құрсақ көтеріп, олар

ойранды отызыншы жылдардың құрбандығы болған екен. Солардың төлеуіне келген ұл тоқтап, әулетті жалғастырсын деген ниетпен әкешесі сәбиге Тоқтар деген есім береді. Әубәкір ұлын өз атына жаздырады, құжатта әкесі деген жол бос қалады. Тек, Армавир жоғары әскери авиациясы училищесіне түсерде құжаттағы әкесі деген жолға Тоқтардың өзі Оңғарбай деп үлкен әкесін көрсеткен екен.

Қазақ әдебиетінің классигі Мұхтар Мағауин «Шыңғыс хан» атты төрт томдық іргелі еңбегінде еке-моғол империясын құраған түркі ру-

Қазақстанға келіп, республика қорғаныс министрінің орынбасары қызметіне кіріскен кезде ғарышкер мұны анық білді. Елдің саяси өміріне белсене араласып, озбыр орталыққа есесі кеткен халқының уайым-қайғысын, жан дүниесін жете түсіну үшін де қазақ тілінде мүлтіксіз сөйлеуге ден қойды. Өнерін тамашалап, музыкасын ұйып тыңдады, әдебиетіне бейіл берді.

Т.Әубәкіровтің ата жұртқа оралуына, атағы аспандауына өзін автормын деп есептеген билік қазақтың тұңғыш ғарышкерін қалаған тақырыбыма тордағы тоты сияқты сайра-



тайпаларын жіліктеп талдай келе, қазіргі қазақ халқының сапындағы Таз аталатын рулар Алтайдан шыққанын, түбірі «тас», Арғындағы Таз, Наймандағы Қызылтаз, Кіші жүздегі Таз, Қоңырат ішіндегі Таздар ортақ түбірден екенін баяндайды. Арғындағы Таз (Қаракесек – Ақша – Бошан – Таз) руының көрнекті өкілдері қатарында Қаздауысты Қазыбек пен Тоқтар Әубәкіровтің есімін келтіреді. Таздан – Бұлбұл, Бұлбұлдан – Алдияр, Күшік, Үсен, Шаншар, Құдайберлі. Осындағы Шаншардан – Келдібек – Қазыбек өрбісе, Құдайберліден Тоқтар Әубәкіровтің аталары тарайды. Жалпы, Құдайберліден тамыр жайып, қазақ тарихы мен мәдениетіне айшықты із қалдырған тұлғалар жеткілікті. Тек соңғы ғасырда ғана бұл ата Кеңес Одағының Батыры Мартбек Мамыраев, КСРО мен Қазақстанның халық әртістері Қалибек Қуанышбаев, Мұрат Толыбаев, Рахия Қойшыбаева, т.б. саңлақтарды берді.

Иә, Тоқаң өзін Жер планетасының перзенті санайды. «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» деген Абай өсиетіне адал тұлға жарық жалғанның игілігі баршаға ортақ болғанын қалайды. Бірақ, мұхиттар мен құрлықтарға, ендіктер мен бойлықтарға, мемлекеттерге, діни сенімдер мен ұлттық мүдделерге, т.б. бөлініп жатқан жерде ортақ мақсат, ой-пікір болуы мүмкін емес.

тамын деген дәмеде болғаны хақ. Тіпті, биліктің ықтырып ыңғайына көндірмек үміті ақталмады: қорғаныс саласындағы қызметінен шеттетілген, елуге енді ғана толған генерал халықтың қалауымен Парламент депутаттығына сайланып, ұлттың мәселесін көтерді, бұқараның мұқтажын айтты. Ақиқатты ашып айтатын, ашына айтатын, қаймана қазақтан сүйеніші бар тұлғаның аузына қақпақ бола алмайтынын білген билік «бұзақы» Парламентті таратып тынды және келесі жолы Тоқаңның депутаттыққа қайта сайланбауына кедергі келтіріп бақты.

Отан алдындағы қызметін әскери әуе күштерінің элитасында бастап, ұлт мүддесі үшін ғарышқа самғап, азаматтық темір жолда түйіндеген Тоқаңның мерейтойы қарсаңында сөзді оған мықты денсаулық, бақытты болашақ тілеген кезекші пікірмен түйіндеу олқы сияқты. Сондықтан, тілеуқор інісі ретінде өзім де осынау ұлы тұлғаға өмір сыйлаған асыл топырақтың бір шөкімі, саф ауаның бір жұтымы, мөлдір судың бір тамшысы болғанымды мақтаныш ететінімді жеткізгім келеді.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ,
ҚР журналистер Одағының мүшесі.

Сахидың салынбай қалған суреті

Бұл әңгімені сырлас суретші ағамның шеберханасында отырғанда естідім. Қылқалам шебері өзінің әйгілі «Күту», «Жанталас», «Мұңлы әуен» картиналарының жазылу тарихын айтып болып, шылым шегетін орынға беттеді. Суретшінің езуінен ырғатыла шыққан темекінің көкшулан түтіні билеп-билеп барып ауаға сінеді.

– Сен суретші Сахи Романовты білетін боларсың?

– Білемін ғой...

– Сахидың салынбаған суретінің ке-

жатқан шығар деп ойлады. Алдымен елпілдеп өзім амандасып жатырмын.

– Аманың ба, қызым? «Есімің кім?» деді сосын жылдамырақ сөйлеп. Атымды айттым. Қайда оқитынымды да сұрады. АГУ-де, филфакта. Мына жерде ғой... Ауылдан келдің бе? Мен «жоқ, қалада оқимын» деп ауылдан келгенімді өзімше жасырып тұрмын. «Ааа, бері тұршы» деп қасыма жақындады. Сәл үнсіздіктен кейін қарт адам «мен сенің суретінді саламын» деді. Қалаға жаңа келген ауыл қызына

шынайылығымен баурайды. Суретші бірнеше жыл «Қазақфильм» студиясында қызмет атқарғаны мәлім. Кинематография бағытында жүргендіктен де кейіпкер таңдауда ол өзгелерден бір қадам алда тұратындай. Кино саласына бар қажыр-қайратын жұмсап, көптеген фильмге декорация эскизін жасаған. Туындыларының көпшілігі сол кездегі қызметі барысында салынғаны белгілі. Ал бұл жолы қылқалам иесі еркін жұмыс барысындағы полотносын салғысы келді ме екен?

Жоқ, әлде басқа сыры бар ма?!... Сахи Романовтың туған жері Қарағанды облысының Ақтоғай өңірі. Орталық Қазақстандағы ең биік тау – Ақсоранның етегінде өмір есігін ашыпты. Бір деректерде Қызылорданың Қазалы ауданы деп айтылып жүр. Кейіннен суретші Ақтоғайға арнайы барып, мерейтойын өткізіп, халықпен қауышқан кезінде кіндік қаны тамған жер осы өлке екенін растаған. Белгілі өлкетанушы Тұңғышбай Мұқан «Тауқыметті тағдыр» мақаласында Сахидың өксікке толы өмірі жайын-

балалар үйлері мен интернатында әкенің мейірімін көрмей, ананың аялы алақанын сезбей, жапанда қалғандай жалғыздықпен, елесті күндерді еске түсіре алмай, торығу мен күйзелісте өткен», – дейді қаламгер. Романовтың өмірбаянында оның қосалқы есімі Александр Иванович деп жазылып жүр. Оған бұл есім балалар үйінде қойылуы мүмкін деп топшылаймыз.

Нәубет жылдары Сахи әпкесі Мәрияштан бөлек кетті. Анасынан қапыда көз жазғаны жанына мұң жамап жүргенде, жүрегінен жұлып берер Мәрияшынан алыстауы тіпті құлазытты. Ана мейіріміне, әпкенің ізгі көңіліне қаталап шөлдегені анықты. Сағынышын еселеген ет жақындарын егіле еске алғандағы көңіл-күй ауанын осы бір кездейсоқ бейнемен ажырағысыз қалыпта сезінгісі келгендей ме? Меніңше Сахи салмақ болған Айжанның бейнесін оның ана шапағатын іштей іздеуі мен Мәрияшқа деген жан сусатқан қастерлі аңсары деп түсінуіміз керек. Ол өмір бойы уақыт көмескілеген бір бейнені таусы-



йіпкері бар еді. Өзімнің әпкем. Саған жақсы тақырып. Жазуыңа болады.

– Салынбаған суреттің кейіпкері...

Елең еттім.

– Суретін не үшін салмады екен?

Ағама сұрақты бірінен соң бірін жаудырып жатырмын.

– Ол осында тұрады. Саған бәрін айтсам қызық болмай қалар. Өзінен сұрап білерсің!!!

Осы кездесуден соң суретшімен жүздесудің сәті түспей кетті. Арада төрт жыл өтіпті. Жақында кітапханадан Сахи Романов туралы кітапты кездейсоқ ұшырата қалғанда сана түкпірінде сағымданған әңгіме қайта қоздаған...

Таныс-білістерден сұрастыра жүріп кейіпкерімнің байланыс нөмірін таптым. Елордадағы жоғары оқу орнының бірінде сабақ береді екен. Сахи Романов туралы сұрағанымда ол оқиғаны мықтыңқырай бастағанын, толығырақ еске түсіруі үшін келесі күні хабарласуымды өтінді. Келістік.

– Менің есімім – Айжан. Өзім Қарадала өңірінің тумасымын, – деп бастады әңгімесін кейіпкерім.

– 1995 жыл. АГУ-дың 1-ші курсына қабылданған кезім. Ауылдағы бейғам шақтар артта қалған. Жаңа достар. Жаңа ортаға жатырқай ене бастаған уақытымыз. Жатақханада тұрамын. Көктем мезгілі болатын. Бірде автобуспен 28 Панфиловшылар паркі аялдамасынан түстім. Бір жаққа бара жатқан болуым керек. Аялдамада аз-кем бөгеліп, тұрып қалыппын. Кенет, қарама қарсы жерден жасы егде тартқан, сәнді киінген, басында қаракөл матадан тігілген папағы бар, үстінде қоңыр плащы, селдір мұртты бейтаныс адамның менен көз алмай қарап тұрғанын байқадым. Ол тесіле қарап сәл тұрды да маған қарай жақындап келді. Жол сұрау үшін келе

бейтаныс жанның бұл сөзі мүлдем тосын әрі оғаштау естілгендей болды. «Жоқ, аға, болмайды» деппін барар бағытыма асығып...

Қария басымдағы төбетейге де назар салып қарағандай болды. «Маған керексін! Дәл осы образды іздеп, кездестіре алмай жүр едім. Бүгін өзіңнен таптым. Ертең шеберханама келші, Никольский базары жақта», – деді.

Мұндай жәйтті алғаш рет бастан өткерген мен үшін қарттың бұл әрекеті санама сыймайтындай. Тағы да басымды шайқадым.

Ол асығыс қалтасынан блокнотын алып, соның бір парағына өзінің мекенжайын жазып қалдырды. Жазуы маржандай екен. Өрнегі де өзгеше.

Қағазды алдым да жүрер бағытыма қарай жөнеле бердім.

Сол кездерді ойша көз алдыма елестете отырып, Айжанға қылқалам иесінің көзімен қарап қоямын. Суретшінің ықыласы түскен кейіпкеріміз қырықтың қырқасынан асса да өңін бермеген. Желкілдеген жас дәуренінде «па, шіркін» дегізетіндей сұлу болғаны, әлі де әлпетінен әсемдіктің нышаны қайта қоймағаны байқалады. Оқушы болып жүргенде бірнеше рет «Қыз сынынан» мүдірмей өтіп, мәреге сүрінбей жеткені және бар. Қаланың көп сұлуынан ауылдың сәмбіталдай қызының қоңыр табиғатымен бөлектеніп тұратыны да мәлім-ді. Суретшінің келбетті студент қызға назарының ауғаны – кейіпкердің жаттанды емес, боямасыз бейнесінде жатқандай.

Халық суретшісі Сахи Романов атақты «Қырық өтірік», «Алдар көсе», «Отан аясында», «Құрманғазы», «Жайлаудағы кеш», «Жас шопандар», «Туған өлке» секілді кесек туындыларымен танымал. Бейбіт өмір, жасампаз еңбек адамдары, халық этнографиясынан тамыр тартатын суреттері



да тың деректер келтіреді. «Әкесі Әлтікейұлы Түсіпбек ескіше сауатын ашқан, еті тірі қабылетті адам болған көрінеді. 1930 жылдары Арқа өңірінде Бокты, Шұбартау, Тоқырауын көтерілістерінің белең алуы Түсіпбек сияқты аптал азаматтарды қатарына тартқаны белгілі. Соның салдарынан Түсіпбекке де «көтерілісші болдың», деген нақақ айып тағылып, басқа да жалған жаламен сотталып кете барған. Бұл тауқымет алапат ашаршылыққа ұласып қазақ даласын жайлаған нәубеттің бұғалығы апалы-інілі Мәрияш пен Сахидың мойындарына да түскен. Көкше теңізге бет алған ауылдастарымен бірге Балқашқа жетіп, қамыс төселген жеркепеде жатып, көлдің балығымен өзек жалғап, өлместің күнін кешіп жүргенде ересек апасынан ажырап қалып, панасыз балаларды ұстап алып детдомдарға жіберетіндердің қолына түсіп, орынан орын ауыстырумен жүріп, Орынбордың Сарықташ ауданынан бір-ақ шыққан. Одан арғы 11 жылы жетім

ла іздеді...

Сан түрлі ойлардың шырмауынан мені кейіпкерімнің ары қарай жалғасқан әңгімесі алып шықты.

– Жатақханаға күн бата келдім. Бөлмеде жалғыз өзім шәй ішіп отырмын. Асығыстау терезе алдына қоя салған суретшінің бір парақ қағазы сырттан соққан майда желден еденге сырғып түскен. Парақты қолыма алып оқи бергенім сол еді группаласымның інісі кіріп келді. Әпкесі Сандуғашты іздей келіпті. Досымның бөгеліп жатқанын айттым. Бұл жігіт худграфта оқитын. Қолымдағы бейтаныс жанның қолтаңбалы қағазын оған ұсына бердім. Бағана көшеде бөгде адамның жолыққанын, менің суретімді салғысы келетінін, одан бас тартқанымды, кейін бейтаныс жан осы бір паракты табыстап кеткенін айтып жатырмын. Суретші жігіттің көзі атыздай болып кеткен. «Сенің суретінді салам дей ме? Неге келіспедің? Сені мен-ақ ертіп апарайын. Өзім де жақын таны-

(Жалғасы 5-бетте).

сайын» деп самбырлап тұр. Сол кезде есік қағылды да суретші өзін біреулер күтіп тұрғанын айтып шыға берді. Мен болсам өзіммен өзім шарпылысқан түрлі ойдың ішінде отырмын. Суретшілер – шығармашылықтың адамы ғой. Бойындағы сезімін іркіп қала алмайтын, көрсеқызар, муза іздеп мың құбылатын... Сондай түсініксіз тұлғалар... Бір ғана Пикассоның өмірі бұл ойыма мысал емес пе? Француз, Фернандо, Ольга, Мари-Терез... Суретшілердің бәрі осындай шығар...

Кейіпкеріміздің бұлай ойлауының да өз себебі бар. Ар-ұятты бәрінен жоғары қоятын, ата-ананың назарындағы, жасы үлкенге сыпайы сөйлейтін, әдептен аспаған ауыл баласы үшін алып қала – ашылмаған



"Күнмен кездесу"

аралдай... Жақының кім, жатың кім, жанашырың кім – түсініп болмас... Әр көшеде адасқаныңдай – әр жанарды оқысың... Өзіңе ғана таныс ауыл емес, дйттеген жеріңе бару үшін өзгелерге жауаңдайсың... Өзін іздеп шығып, өзін таппай қалғандар қаншама... Бір уыс шуаққа шөлеп бір құлаш суыққа шалынғандар аз ба? Осындай таным-түйсікпен Айжан қыз айларды аунатып, жылдарды өткеріп жатты... Студенттік шақтың үш жылы сырғып өтіп, төртінші курсқа беттеген кез.

– Төртінші курсты оқып жатқан кезім. Бірде КазГУ-да оқитын сіңіліме бармақ болып автобустың міндім. Бұл Тимирязев көшесінің бойы, бұрынғы ГДНХ, қазіргі Атакент аялдамасы. Автобустың алдыңғы жағында адам қарасы көбірек болғандықтан, ақырындап артқы жағына өттім. Терезеден сап-сары түске боялған сап түзеген ағаштар сырғып өтіп барады. Олардың арасында күздің өмірін мойындағысы келмегендей жасылын сақтап қалғандары да көзге шалынады. Содан соң қайта сап-сары талдар... Сосын қызғылт реңкті балауса тал-теректер... Кенет бір тұстан «Айжан» деген үн шықты... Сәл әріректе басында қара шляпасы бар, мойнына шарф ораған, көзі өткір, мұртына ақ кірген қария отыр. «Айжан» деп өзіне қарай шақырды.. Қасына барғанымда бейнебір таныс адамдай «Қалың қалай? Көзіңнен танып тұрмын. Сен Айжансың ғой, сен Айжансың ғой» деп сөзін қайталай берді. Мен оны танымай, бұл кім дегендей түсініксіз күйге түстім. «Сен сол жолы неге келмедің? Бүкіл жұмысымды тоқтатып қойып сені күттім ғой» деп қабағын түйе сөйледі. Айналадағы жолаушылардан ыңғайсыздандым ба, ештеңе демедім. Сосын қай аялдамадан түсе-

тінімді сұрады. КазГУ дегенімде ол да сол жерден түсетінін айтты.

Аялдамадан бірге түстік. Күн салқын-дау болатын. Қарт суретші бұдан үш жыл бұрын жүздескенімізді еске түсірді. Жүзінде әлденеге кейіс, әлде ұмыт болып бара жатып қайта қоздаған реніш бар сияқты... «Сен сол жолы неге келмедің? Сен өзі қандай баласың? Саған бекер таңдау жасаған жоқпын. Бұл образды қалай да кенеп бетіне түсіріп кетуім керек». Осылай деді де ол аянышты кейіппен қарады. «Күн салқын ғой, неге басыңа кимегенсің? деп сұрап жатыр. Іле-шала «сен баратын жеріңе барып кел де бір сағаттан соң осы аялдамада тұр. Мен қазір бір маңызды шаруамды аяқтап келейін. Еш ыңғайсызданба, қасыңа құрбыңды ертіп шық болмаса» деді. Сөйтіп


екеуіміз екі жаққа кеттік...

Сахи Романов – бейнелеу өнеріндегі кескіндеме, портрет жанрын өрістеткен суреткер. Оның «Ақынның суреті», «Автопортрет», «Жамбыл Жабаев», «Жазылбек Қуанышбаев», «Шәкен Айманов» сынды портрет жанрындағы туындылары ішкі үйлесімімен, өзгеше мәнерімен, селбескен бояуларымен өзгеше. Көзіңді бірден суарып алмай, жайымен ғана өзіне тартатын кереғар түстер, хроматикалық реңктер – картиналарға айрықша құдырет дарытатындай. Суретшінің осы бағыттағы еселі еңбегінің бірі – Аралдағы балықшы әйелдің бейнесі. Жылы және суық бояулардың артық-кемі жоқ үйлесімі еңбек адамының ішкі толқынысы, жан райынан хабар береді. Сахи Романов әйел-ана тақырыбын бастап, толығымен аша алмай кеткен секілді көрінеді. Айталық, «Әже», «Қайран шешем», «Бесік», «Қонақта», «О, менің анам» (Соңғы уақытта суретшінің осындай тақырыптағы суреті бар екенін білдік. Өзірше ол сурет қолымызға түспеді). ред. секілді ұласпалы полотналары жетім өскен жанның анаға деген сарқылмас сағынышы, жүрекке мызғымай сәт сайын ояңған ұлы аңсарынан сыр тартатындай... Және бұл - Кеңестік кезең келмеске кетіп, Тәуелсіздік таңы атқан уақыт. Топтық портреттер сериясы өмірдің ағысына енді ілескен, санасы еркін, ойы Тәуелсіз, жаңа дәуірге аяқ басқанжаңа толқынның бейнесіне ауа бастағанын аңғарамыз...

Айжан студенттік шақтағы альбомдарын парақтай отырып төртінші курстағы суретін алып шықты. Бір топ қыз АГУ-дың алдында. Семестрді жауып, иыққа түскен емтиханнан босаған кез, бәлкім... Әлде, құрбылармен серуенте бара жатқан немесе келе жатқан мезет!

Көңіл-күйлері жайдары, жүздерінде күлкі. Ерекше толқынысты күймен кейіпкерім сөзін ары қарай сабақтады.

– Жатақханада көптен көрмеген сіңіліммен әңгімелесіп, оның достарымен қауқылдасып отырып қалыппын. Аялдамаға келемін дегенше бір сағаттан асып та кеткен. Күздің қоңыр салқыны бойды билеп, әжептәуір жауратып тастады. Аялдамада адам қарасы көп екен. Көпшілігі студенттер. Егде жастағы адамдар бірен-саран. Олардың арасында қарт суретші көрінбейді. Ол күтіп-күтіп кетіп қалған шығар, мүмкін келе жатыр ма екен?! Кешіккен шығармын. Құлағыма оның «сен Айжансың ғой, Айжансың ғой» деген жарқын дауысы естілгендей болады. Қылқалам иесі келіп қалса не істеймін? Ертеңгі сабағыма да дайындалған жоқпын. Осындай ойлармен шарпысып тұрғанда күттір-ген



"Қойшының қызы"

автобусым да ыңыранып жетті. Есентайдың маңынан өткенде жағалаудан алысырақ тұста басында шляпасы бар бір адамның сұлбасы көзіме шалынды. Мүмкін келе жатқан шығар дедім... Ол емес сияқты бірақ... Біз ары қарай жүре бердік.

2002 жыл, желтоқсанның 6-шы жұлдызы. Сұңғыла суретші Сахи Романов дүниеден озды. Сол күн Айжанның әлі де ойынан кетпейді. «Ол кезде тұрмысқа шығып, Көкшетауға қоныс аударғанмын. Үйде шаруа істеп жатып теледидарға көзім түсті. Некролог беріліп жатыр екен. Диктор «Бүгін халық суретшісі, әйгілі кескіндемеші, кино суретшісі Сахи Романов өмірден өтті» деп хабарлады. Мен сол кезде ғана қылқалам шеберінің үлкен өнер адамы, шынайы суреткер, бейнелеу өнерінің саңлағы екенін түйсіндім. Суретшінің екі мәрте жасаған өтінішіне мойын бұрмағаным, картинасына бейнем еңбегіне іштей өкіндім», - дейді.

Иә, осылайша Айжан қыз әйгілі суретшімен екі мәрте жолығыпты. Мүмкін сәтсіздік болар, бәлкім қиыспаған жолдар солай өрілді.

Әлемдік бейнелеу өнерінде, суретшілер өмірінде сәтсіздікпен аяқталған мұндай жағдайлар аз емес. Қаншама суретшінің танымал картиналары түрлі себептермен салынбай, іште өлгені мәлім. Мәселен, көрнекті Суретші Сергей Калмыков «Алматы сюитасы» атты этюдтер мен композициялар топтамасын жасамақ ниетте болған. 1944 жылы Қазақстан Суретшілер одағына жазған хатында «Менің идеалым мен аяқталған жұмысым еркін және қысылып-қымтырылмайтын, бірден сәтті шығатын пәк әрі көркем дүние болуы керек. Өміршең туынды бір деммен салынуы тиіс» деп жазады. Сан мәрте құбылған саяси өзгерістердің салдарынан Калмыковтың аңсарындағы Алматы сурет тілінде сөйлей алмады. Даңққа кеш жеткен Иоганнес Вермеердің қарызын өтеу үшін сурет салып, сол жолда қаншама туынды-

сын санасында күйреткенін ойласаң жаныңды зіл басады. Әйгілі суретші Ивановтың 20 жыл бойы бейнелеп, толғатып, аяқталмаған полотносы зерттеушілер назарын бекер аудармаса керек-ті.

Мәлік Хайдаров картинаны «суретшінің уақыт өте келе өз ойын сеніп бөлісетін ең сенімді досы. Олар үйлесімділік үшін көп нәрсені құрбандыққа шалады» дейді. Мүмкін солай шығар. Сахидың құрбандығы – уақыты. Алайда бейнелеу өнерінің «жазылмаған заңына» сүйенсек, кенеп бетіне түспеген образдар автор қиялында үнемі өмір сүреді. Бір туындыдан келесі туындыға көшіп отырмақ. Сахи Романовтың көркемдік әлемінен орын алған кейіпкер жарыққа шықпай жатқан кейбір картиналарының бір бөлігінде бәдізделген болуы кәдік. Бәлкім, нағыз сурет салынбаған сурет шығар!

Олжас ҚАСЫМ.
(Материал ғаламтордан алынды).



Отбасы – ұлттың болашағын айқындайтын ең маңызды әлеуметтік институт. Сондықтан отбасы құндылықтарын нығайту мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының біріне айналды. Осы мәселелердің маңызы мен оларды шешу бағытында атқарылып жатқан жұмыстар жайында Президент жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия мүшесі Нәзипа Шанаймен әңгімескен едік.

– Ұлттың рухани құндылықтары, ұрпақ тәрбиесі мен қоғамдық жауапкершілік ең алдымен шаңырақта қалыптасады. Алайда сол шаңырақ кейде шайқалмай

басын құрғанда ата-анасынан көрген өнегені жалғастырады. Сондықтан бүгінгі күні отбасы құндылықтарын нығайтуға бағытталған жұмыстардың маңызы өте зор. Осы бағытта атқарылып жатқан жұмыстардың нәтижесі біртіндеп көрініс бере бастады деп сеніммен айтуға болады. Ал Аналар кеңесі тарапынан жүзеге асырылып жатқан бастамалардың бірі – «Азамат тәрбиелеген отбасы» атты арнайы номинациясы. Бұл марапат ұлтына, ұлысына немесе дініне қарамастан, елдің дамуына үлес қосып жүрген саналы азаматтарды тәрбиелеген отбасыларды қолдауға және олардың еңбегін дәріптеуге бағытталған. Бүгінде бұл

ті проблемалардың біріне айналып отыр. Бұл мәселенің түпкі себептеріне тоқталатын болсақ, оның негізінде ең алдымен білімсіздік пен мәдениеттің төмендігі жатыр деп есептеймін. Білімді, құқықтық сауаты жоғары адам ешқашан мәселені күш көрсету немесе зорлық-зомбылық арқылы шешуге ұмтылмайды. Ол өз құқығын да, өзгенің құқығын да құрметтейді. Тағы бір маңызды мәселе – адамдардың бір-бірімен сөйлесу, тыңдау және түсіну қабілетінің әлсіреуі деп білемін. Біз – сөздің қадірін білген халықпыз. Ата-балаларымыз дауды ақылмен, мәмілемен, бір ауыз сөзбен тоқтата білген. Өкінішке қарай, бүгінде кейбір отбасылар-

рухани дүниесі, мәдениеті, өмірге деген көзқарасы мен болашақтағы жетістігі де ең алдымен алған біліміне байланысты қалыптасады. Сондықтан әрбір ата-ана ең алдымен өз мінез-құлқымен, іс-әрекетімен балаға үлгі болуы керек. Бүгінде Мемлекет басшысы алға қойған басты мақсаттардың бірі – Әділетті Қазақстанды қалыптастыру болып отыр. Бұл мақсатқа жету үшін қоғамдағы өзгеріс ең алдымен отбасынан басталуы қажет. Ал отбасының негізі – саналы әрі мәдениетті ата-ана. Сондықтан ата-ана мәдениетін қалыптастыру – әділетті, жауапты және өркениетті қоғам құрудың басты алғышарттарының бірі деп есептеймін.

Әділетті қоғам отбасынан басталады

тұрмайтыны рас. Бүгінде отбасылардың алдында тұрған ең өзекті мәселелер қандай деп ойлайсыз?

– Бұл сұрақты екі қырынан – экономикалық-әлеуметтік және рухани тұрғыдан қарастыруға болады. Мен рухани бағытқа тоқталғанды жөн көремін. Қазіргі таңда отбасылардың алдында тұрған ең өзекті мәселе – отбасы институтын сақтау және нығайту. Өздеріңізге мәлім, Қазақстан бүгінде ажырасу деңгейі жоғары елдердің қатарында. Мұның басты себептерінің бірі – отбасы мүшелерінің арасындағы қарым-қатынастың, өзара түсіністік пен коммуникацияның әлсіреуі болып отыр. Коммуникация дегеніміз – тек сөйлесу ғана емес, бір-бірін тыңдау, түсіну және ашық диалог орнату. Осы тұрғыдан алғанда әкенің, отбасы басшысының рөлі, отбасындағы өзара сыйластық пен тәртіпті сақтау мәселесі ерекше маңызға ие. Ұлттық комиссия осы мәселелерге ерекше мән береді. Себебі кез келген мемлекеттің тұрақтылығы мен беріктігі ең алдымен отбасының беріктігіне байланысты екені анық. Сондықтан біздің басты мақсатымыз – саналы ата-аналар қоғамын қалыптастыру. Бұл бағытта Ұлттық комиссия Оқу-ағарту министрлігімен және қоғамдық ұйымдармен бірлесіп жүйелі жұмыстар жүргізіп келеді. Соның бірі – Аналар күні мен Әкелер күнін ресми мерекелер ретінде бекіту. Бұл мерекелер соңғы екі жылдан бері республика көлемінде кеңінен аталып өтіліп келеді. Сонымен қатар «Ана мектебі» мен «Әке мектебі» жобаларын дамытуға ерекше назар аударылып отыр. Осы бағытта Әкелер одағы, Аналар кеңесі және басқа да қоғамдық ұйымдар белсенді жұмыс істеп келеді. Жүргізіліп жатқан жұмыстардың нәтижесі де байқалады.

– Соңғы жылдары қоғамда «Әкенің рөлін әлсіретіп алдық» деген пікір жиі айтылады. Бұл қаншалықты шындыққа жанасады? Конституция – отбасы саясатының басты құқықтық тірегі.

– Соңғы зерттеулердің нәтижесіне сүйенсек, респонденттердің 75 пайызы соңғы уақытта әкелер мен балалар арасындағы қарым-қатынастың жақсарғанын атап өткен. Бұл – өте маңызды көрсеткіш. Қазақ халқында «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» деген нақыл сөз бар. Бұл мақалдың мәні бүгін де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Ұлдың да, қыздың да тәрбиесінде әкенің де, ананың да орны ерекше. Әрқайсысы баланың өмірлік ұстанымдарының, құндылықтарының қалыптасуына өзіндік үлес қосады. Бала есейіп, өз от-

бастама республика көлемінде қолдау тауып отыр. Оны ауылдық округ әкімдерінен бастап, аудан және облыс әкімдіктері де жүзеге асыруға атсалысып жатыр. Ұлттық комиссияның ұсынысымен «Азамат тәрбиелеген отбасы» номинациясы Наурыз мейрамын атап өтудің онкүндік тұжырымдамасына енгізілді. Бұл жоба қоғамға үлгі болатын отбасыларды насихаттап, олардың тәрбиелік тәжірибесін дәріптеуге мүмкіндік береді. Сондықтан оны отбасы құндылықтарын нығайтуға бағытталған тиімді бастамалардың бірі деп есептеймін.

– Отбасы құру – адам өміріндегі ең үлкен жауапкершілік. Бұған жастар қалай дайындалуы керек?

– Бүгінде отбасы құруға ниетті жастарды неке қию рәсімінің алдында арнайы консультациядан өткізу мәселесі де көтеріліп отыр. Өздеріңіз білесіздер, соңғы екі жылдан бері еліміздің барлық өңірінде Отбасын қолдау орталықтары ашылып, жұмыс істей бастады. Қазіргі таңда республика бойынша қалалық және аудандық деңгейде 160-тан астам осындай орталық халыққа қызмет көрсетеді. Жас жұбайлар осы орталықтарға жүгініп, отбасы құруға қатысты психологиялық, құқықтық және әлеуметтік мәселелер бойынша тегін кеңес ала алады. Бұдан бөлек, қоғамдық ұйымдар, оның ішінде Аналар кеңестері де АХАТ бөлімдерінің жанында кеңес беру жұмыстарын қолға алып жатыр. Өйткені біз балаларымызды жақсы маман болуға, білім алуға, түрлі өмірлік дағдыларды меңгеруге үйретеміз. Алайда оларды жақсы әке немесе жақсы ана болуға арнайы дайындай бермейміз. Көп жағдайда бұл қасиеттерді әркім өз отбасынан көрген тәрбиесіне сүйеніп қалыптастырады. Дегенмен отбасы құрудың да өзіндік жауапкершілігі, психологиялық ерекшеліктері мен құқықтық қырлары бар. Сондықтан жас жұбайларға отбасы құрмас бұрын өз мойындарына алатын жауапкершіліктің мәнін түсіндіру өте маңызды. Бұл тек моральдық тұрғыдан ғана емес, ұлттық құндылықтар мен құқықтық сауаттылық тұрғысынан да қажет. Осы мәселені Ұлттық комиссия көтеріп, қазіргі таңда бұл бағыттағы жұмыстар кезең-кезеңімен жүзеге асырылып жатыр.

– Тұрмыстық зорлық-зомбылық қазіргі таңда қоғам назарын аударып отырған ең өзекті мәселелердің біріне айналды. Мұның басты себебі не деп ойлайсыз?

– Рас, бүгінде отбасыдағы зорлық-зомбылық мәселесі қоғамдағы ең өзек-

ті қарапайым диалогтың орнына жанжал мен күш көрсету белең алып отыр. Сондықтан бұл бағытта заңнамалық деңгейде бірқатар маңызды өзгерістер қабылданды. Мәселен бұған дейін тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілері тіркелген жағдайда көбіне жәбірленуші ана мен бала қауіпсіздік мақсатында дағдарыс орталықтарына орналастырылатын. Ал жаңа заңға сәйкес, енді құқық бұзушының өзі үйден шығарылып, полицияның бақылауына алынады. Бұл – зорлық көрген адамның өз үйінде қауіпсіз жағдайда қалуына мүмкіндік беретін маңызды өзгеріс. Сонымен қатар, бұрын құқық бұзушы азаматтармен жүйелі психологиялық немесе түзету жұмыстары жүргізілмейтін. Қазір заңға енгізілген өзгерістерге сәйкес, олармен арнайы оңалту және психологиялық жұмыстар ұйымдастырылып, кейін отбасыны қайта қалпына келтіру мүмкіндігі де қарастырылады. Заңнамада балалардың қауіпсіздігін күшейтуге де ерекше көңіл бөлінді. Атап айтқанда, 16 жасқа дейінгі балаларға қатысты жыныстық сипаттағы қылмыстар үшін жауапкершілік күшейтілді. Бұл – Ұлттық комиссия көтерген бастамалардың заң жүзінде жүзеге асқан нақты нәтижелерінің бірі. Сондай-ақ сталкинске (қудалауға), қыз алып қашуға, мәжбүрлі некеге тұрғызуға және тұрмыстық зорлық-зомбылықтың өзге де түрлеріне қатысты жауапкершілік күшейтілді.

– Демек, саналы ата-ана саналы қоғам қалыптастырудың негізгі тетігі деп айтуға бола ма?

– Иә, саналы ата-аналарды тәрбиелеу қоғамның маңызды міндеттерінің бірі болуы керек. Бұл жерде білім беру жүйесінің рөлі де ерекше. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында қоғам үлкен әлеуметтік-экономикалық өзгерістерді бастан өткерді. Сол кезеңде білім саласында да белгілі бір қиындықтар болды. Оның салдары бүгін де белгілі бір деңгейде сезіліп отыр. Терең білім алған адам сыни ойлай алады, жақсы мен жаманды ажыратады, өз бетінше қорытынды жасап, дұрыс шешім қабылдайды. Ал білім деңгейі төмен болса, адам түрлі теріс идеологиялардың немесе жалған ақпараттың ықпалына оңай түсіп кетуі мүмкін. Сондықтан мемлекеттің ең маңызды салаларының бірі – білім жүйесі. Егер мемлекетті адам азғасына теңесек, онда білім беру – бүкіл азаның дұрыс жұмыс істеуіне әсер ететін негізгі жүйелердің бірі. Әрбір азамат осы жүйеден өтеді. Сол себепті білім саласы сапалы, әділ және жауапты болуы керек. Өйткені адамның

– Жаңа Конституция отбасы саясатының дамуына қалай ықпал етеді деп ойлайсыз?

– Құқықтық мемлекет құру – Қазақстан тәуелсіздік алған күннен бастап алдымызға қойған басты мақсаттардың бірі. Өз құқығын білетін азамат өзгенің де құқығын құрметтеп, оны бұзбауға тырысады. Сондықтан құқықтық мемлекет қалыптастыру үшін қоғамда заңға құрмет пен құқықтық мәдениет орнығуы қажет. Жаңа Конституция мен заңнамалық өзгерістер қоғамдағы нақты қажеттіліктерге жауап береді. Мәселен, Конституцияда кәмелетке толған балалардың еңбекке қабілетсіз ата-анасына қамқорлық жасау міндеті бекітілді. Бұл – бұрын заң деңгейінде нақты көрсетілмеген, бірақ уақыт талабынан туындаған маңызды норма. Егер қоғамда мұндай мәселе болмағанда, оны Конституция деңгейінде бекітудің де қажеті болмас еді. Сонымен қатар, қоғамдағы өзгерістерді ескере отырып, неке институтына қатысты құқықтық нормалар нақтыланды. Заңда неке ер мен әйелдің өзара ерікті әрі толық келісімі негізінде жасалатын одақ ретінде айқындалды. Бұл – отбасы институтын нығайтуға бағытталған маңызды құқықтық қағида. Мұндай нормалардың заңда нақты көрсетілуі жас ұрпаққа отбасы құндылықтарын түсіндіруге де ықпал етеді. Балалар мен жастар қоғамдағы негізгі қағидалардың заңмен қорғалатынын және олардың әрқайсысының жауапкершілік жүктеінін білуге тиіс. Жалпы, бүгінгі күні қабылданып жатқан заңнамалық өзгерістердің басым бөлігі қоғамның сұранысына негізделген. Бұл бағытта Ұлттық комиссияның да атқарған жұмысы аз емес. Комиссия қоғамдағы өзекті мәселелерді жан-жақты зерттеп, оларды өз отырыстарында талқылайды. Егер белгілі бір мәселені заңнамалық тұрғыдан реттеу қажет деп танылса, тиісті ұсыныстар мемлекеттік органдарға жолданады. Одан кейін жұмыс топтарымен бірлесіп, Парламент деңгейінде заң жобаларын талқылауға қатысып, қажетті өзгерістердің қабылдануына өз үлесімізді қосамыз. Мысалы, соңғы жылдары қабылданған маңызды заңнамалық өзгерістердің бірі ретінде әйелдер мен балалардың қауіпсіздігін күшейтуге бағытталған түзетулерді атай аламыз. Бұл өзгерістер де қоғамдағы өзекті мәселелерді шешуге және отбасы институтын қорғауға бағытталған маңызды қадамдардың бірі болды.

– Әңгімеңізге рақмет!

Нұрболат АМАНБЕК.

* Дін – бірліктің діңгегі

Зайырлы мемлекеттегі діннің рөлі және маңызы

Қазақстан Республикасы – зайырлы мемлекет. Зайырлылық қағидаты елімізде әр азаматтың ар-ождан және діни сенім бостандығын қамтамасыз етеді. Мемлекет барлық діндерге бейтарап қарап, заң үстемдігін, қоғамдық келісім мен тұрақтылықты басты құндылық ретінде ұстанады.

Дін – қоғамның рухани өмірінің маңызды бөлігі. Ол адамды адамгершілікке, мейірімділікке, жауапкершілікке, сыйластық пен татулыққа тәрбиелейді. Отбасылық құндылықтарды нығайтуда, үлкенді құрметтеп, кішіге қамқор болуда және ізгілік қағидаларын дәріптеуде діннің орны ерекше.

Сонымен қатар, зайырлы мемлекетте діни сенім заң талаптарымен үйлесімде жүзеге асырылады. Бұл барлық азаматтардың құқықтарының тең қорғалуына, түрлі көзқарастағы адамдардың бейбіт өмір сүруіне мүмкіндік береді. Діни сауаттылықты

арттыру, дәстүрлі рухани құндылықтарды насихаттау және радикалды идеологиялардың алдын алу – қоғамның ортақ міндеті.

Отбасы институтын нығайтуда да діннің тәрбиелік маңызы зор. Өзара құрмет, адалдық, жауапкершілік және қамқорлық сияқты құндылықтар берік отбасының негізін қалайды. Бұл қағидалар қоғамдағы тұрақтылық пен бірлікті сақтауға ықпал етеді.

Қорытындылай келе, зайырлы мемлекет пен дін бір-біріне қарсы ұғымдар емес. Керісінше, заң үстемдігі мен рухани құндылықтардың үйлесуі қоғамның дамуына, азаматтардың бірлігіне және елдің тұрақты болашағына қызмет етеді. Әрбір азамат заңды құрметтеп, өзара сыйластықты сақтап, қоғамдағы татулықты нығайтуға үлес қосуы қажет.

Г. Елеусизова,
Ақтоғай ауданының Отбасын қолдау орталығының директоры.

(Соңы. Басы 1 - бетте).

шығармашылық питчингтерді, көрмелерді, жәрмеңкелерді және кино жобаларын көбейтуді жоспарлап отыр. CGI, VFX, 2D және 3D анимация, моушн-дизайн бағыттарын дамыту көзделген. Бұл – халықаралық еңбек нарығында сұранысқа ие заманауи мамандықтар. Орталықтың тағы бір маңызды бағыты – дубляж индустриясын дамыту. Болашақта қазақ және орыс тілдерінде шетелдік фильмдерді дыбыстау, сондай-ақ қазақстандық контентті халықаралық аудиторияға бейімдеу жоспарланып отыр.

Дебюттік фильмдерді қолдау, авторлық киноны дамыту, кинофестивальдер ұйымдастыру және шығармашылық өнімдерді халықаралық деңгейге шығару жұмыстары кезең-кезеңімен жүзеге аспақ, – дейді Рустам Танишпеков. Хабтың басты жетістігі – өткізілген іс-шаралардың саны емес, шығармашылық адамдардың бір-бірімен байланыс орнатып, жаңа жобаларды бірге жүзеге асыра бастауы. Орталық мамандары шығармашылыққа қызығатын жастарға үш маңызды қағиданы ұсынады. Ең алдымен, бастауға қорықпа, екіншіден, шығармашылықпен қатар цифрлық технологияларды, маркетинг пен кәсіпкерлікті меңгеру, үшіншіден, пікірлес адамдармен бірлесіп жұмыс істеу. Шығармашылық орта адамның кәсіби дамуына жаңа мүмкіндік ашады. Өңірде креативті индустрия енді ғана қарқын алып келеді. Дегенмен, өңірдің басты артықшылығы – талантты жастардың көптігі. Сол талантты біріктіретін орта қалыптасып келеді. Ендігі міндет – осы әлеуетті тиімді пайдаланып, шығармашылықты өңір экономикасының маңызды қозғаушы күшіне айналдыру. Өйткені бүгінгі қоғамдағы ең құнды ресурс – адамның ойы мен идеясы. Ал, қолдау тапқан идея ертен жаңа өнімге, жаңа брендке, жаңа жұмыс орнына ұласады. Креативті индустрия – болашақтың ғана емес, бүгінгі күннің де экономикасы.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
Материал «Ortalyq Qazaqstan»
газеті сайтынан алынды.

Хабарландыру

СК «Евродор С» ЖШС келесі мәселелер бойынша ашық жиналыстар түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізетінін хабарлайды:

1) Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Сарытерек ауылдық округінің жерлерінде орналасқан «Үш арыс Тас» кен орнының тау жыныстарын (құрылыс тасын) өндіру жөніндегі тау-кен жұмыстарының жоспарына «Мүмкін әсерлер туралы есеп» жобасына арналған.

Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 11 қыркүйек сағат 15.00-де Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Сарытерек ауылдық округі, Сарытерек ауылы, Парасат 18 а көшесі, Мәдениет үйі ғимараты бойынша өтеді.

Zoom платформасында тыңдауларға қатысу үшін онлайн қосылуға сілтеме: <https://us06web.zoom.us/j/6968277100?pwd=dWcwM2QzaXBQY1RiV3BOVm1kSWlvdz09&omn=84190131899>. Конференция идентификаторы: 696 827 7100. Қатынас коды: xx4uvN.

2) Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Сарытерек ауылдық округінің жерлерінде орналасқан «Үш арыс Тас» кен орнының тау жыныстарын (құрылыс тасын) өндіру жөніндегі тау-кен жұмыстары жоспарының жобасы бойынша (РШН, ӨЭББ, ҚББ, ШШЖ) әсер етуге рұқсат алуға өтінімге арналған материалдары.

Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 11 қыркүйек сағат 16.00-де Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Сарытерек ауылдық округі, Сарытерек ауылы, Парасат 18 а көшесі, Мәдениет үйі ғимараты бойынша өтеді.

Zoom платформасында тыңдауларға қатысу үшін онлайн қосылуға сілтеме: <https://us06web.zoom.us/j/6968277100?pwd=dWcwM2QzaXBQY1RiV3BOVm1kSWlvdz09&omn=81428661745>. Конференция идентификаторы: 696 827 7100. Қатынас коды: xx4uvN.

Жоспарланған іс-әрекеттің әсер ету аймағы: Қарағанды облысы, Ақтоғай

ауданы, Сарытерек ауылдық округі.

Объектінің орналасу координаттары: 1 нүкте: солтүстік ендік 48°12 ‘13.24»; шығыс бойлық 75° 03 ‘42.85»; 2 нүкте: солтүстік ендік 48°12 ‘22.38»; шығыс бойлық 75°03 ‘39.30»; 3 нүкте: солтүстік ендік 48°12 ‘37.37»; шығыс бойлық 75° 03’59.23»; 4 нүкте: солтүстік ендік 48°12’25.65»; шығыс бойлық 75° 03 ‘59.23».

Әсер ету аумағының орналасу координаттары: 48°12 ‘13.24»С; 75° 03 ‘42.85»Ш.

Қоғамдық тыңдауларды өткізу мерзімі бес жұмыс күнінен аспайды. Қатысушыларды тіркеу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүзеге асырылады.

Жоспарланған іс-шараның бастамашысы: «Евродор С» СК ЖШС, БСН: 060140001230. Заңды мекенжайы: ҚР, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Сарышаған кенті, Теміржол көшесі 8Г, тел.: +7 701 088 2808.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «Сарыарқа ЗемГеоПроект» ЖШС, БСН: 140640013249, мекенжайы: ҚР, Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 25, 404/1-офис, «Өркен» іскерлік орталығы, тел.: 8-7172-72-50-45, +7 701 446-66-24.

Жоба бойынша құжаттама <https://ndbecology.gov.kz> порталында және ЖАО-ның <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat/lang=ru> сайтында орналастырылған.

Жоспарланған іс-шаралар туралы ақпарат алуға және құжаттардың көшірмесімен танысуға болатын байланыс телефондары: e-mail: ksk_13@inbox.ru, тел.: 8 (701) 446-66-24.

Мүдделі жұртшылықтың ескертулері мен ұсыныстары «Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, Қарағанды қаласы, Лобода көшесі, 20, expertiza.upr_krg@mail.ru мекенжайы бойынша қабылдайды. Байланыс телефондары: 8 (7212) 56-81-66.

Объявление

ТОО СК «Евродор С» объявляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по:

1) Проекту «Отчет о возможных воздействиях» к Плану горных работ по добыче изверженных пород (строительный камень) месторождения «Үш Арыс Тас», расположенного на землях Сарытерекского сельского округа, Актогайского района, Карагандинской области.

Общественные слушания состоятся 11 сентября 2026 года в 15.00 ч. по адресу: Карагандинская область, Актогайский район, Сарытерекский сельский округ, с.Сарытерек, ул.Парасат 18 а, Дом культуры.

Ссылка на онлайн подключение для участия в слушаниях на платформе Zoom: <https://us06web.zoom.us/j/6968277100?pwd=dWcwM2QzaXBQY1RiV3BOVm1kSWlvdz09&omn=84190131899>. Идентификатор конференции: 696 827 7100. Код доступа: xx4uvN.

2) Материалам к заявке на получение экологического разрешения на воздействие по проекту План горных работ по добыче изверженных пород (строительный камень) месторождения «Үш Арыс Тас», расположенного на землях Сарытерекского сельского округа, Актогайского района, Карагандинской области (НДВ, ППЭК, ПУО, ППМ).

Общественные слушания состоятся 11 сентября 2026 года в 16.00 ч. по адресу: Карагандинская область, Актогайский район, Сарытерекский сельский округ, с.Сарытерек, ул.Парасат 18 а, Дом культуры.

Ссылка на онлайн подключение для участия в слушаниях на платформе Zoom: <https://us06web.zoom.us/j/6968277100?pwd=dWcwM2QzaXBQY1RiV3BOVm1kSWlvdz09&omn=81428661745>. Идентификатор конференции: 696 827 7100. Код доступа: xx4uvN.

Территория воздействия, на которую будет иметь воздействие намечаемая деятельность: Карагандинская область, Актогайский район, Сарытерек-

ский сельский округ.

Координаты расположения объекта: 1 точка: северная широта 48°12'13.24"; восточная долгота 75° 03'42.85"; 2 точка: северная широта 48°12'22.38"; восточная долгота 75°03'39.30"; 3 точка: северная широта 48°12'37.37"; восточная долгота 75° 03'59.23"; 4 точка: северная широта 48°12'25.65"; восточная долгота 75° 03'59.23".

Координаты расположения территории воздействия: 48°12'13.24"с. ш. 75° 03'42.85"в. д.

Срок проведения общественных слушаний не превышает пять последовательных рабочих дней. Регистрация участников ведется при предъявлении документа, удостоверяющего личность.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО СК «Евродор С», БИН: 060140001230. Юридический адрес: РК, Карагандинская область, Актогайский район, п.Сарышаған, ул. Теміржол 8 Г, тел: +7 701 088 2808.

Разработчик проектной документации: ТОО «Сарыарқа ЗемГеоПроект», БИН: 140640013249. Юридический адрес: РК, г.Астана, ул.Бейбітшілік, 25, офис 404/1, Деловой центр «Өркен», тел.: 8-7172-72-50-45, +7 701 446-66-24.

Документация по проекту размещена на портале <https://ndbecology.gov.kz> и на сайте МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat/lang=ru>.

Контакты, по которым можно получить информацию о намечаемой деятельности, и ознакомиться с копией документов: e-mail: ksk_13@inbox.ru, тел.: 8 (701) 446-66-24.

Замечания и предложения заинтересованной общественности принимает ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области» по адресу: г.Караганда, ул.Лободы 20, expertiza.upr_krg@mail.ru. Контакты: 8 (7212) 56-81-66.

№ 7 «Дауыс беру учаскесін қалай табуға болады?»

2026 жылғы 23 тамызда өтетін Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауда дауыс беру үшін Қазақстан Республикасының азаматтары өз учаскесін келесі тәсілдер бойынша таба алады:

1. Жеке сәйкестендіру нөмірін (ЖСН) енгізу арқылы онлайн-сервистердің көмегімен;



www.gov.kz/
sailau



sailau.gov.kz



sailau2026.
gov.kz

2. Тұрғылықты жері бойынша тиісті елді мекен әкімдігінің Call-орталығына хабарласу арқылы. Call-орталықтардың нөмірлері әкімдіктердің интернет ресурстарында қолжетімді;

3. Сайлаушыға арналған дербес шақыруда орналастырылған QR-кодты пайдалану арқылы.

Қазақстан Республикасының
Орталық сайлау комиссиясы.

№ 7 «Как найти участок для голосования?»

Для голосования на выборах депутатов Курултая Республики Казахстан, которые состоятся 23 августа 2026 года, граждане Республики Казахстан могут найти свой участок следующими способами:

1. С использованием онлайн-сервисов посредством ввода индивидуального идентификационного номера (ИИН);



www.gov.kz/
sailau



sailau.gov.kz



sailau2026.
gov.kz

2. Посредством обращения в Call-центр акимата соответствующего населённого пункта по месту жительства. Номера Call-центров доступны на интернет-ресурсах акиматов;

3. С использованием QR-кода, размещённого в персональном приглашении избирателю.

Центральная избирательная комиссия
Республики Казахстан.

* Әлемде талай қызық бар

Ғаламшардағы ең ерекше табиғи құбылыс

Қатқан метан көпіршіктері (Канада)

Олар тылсым құбылыс тәрізді көрінеді. Құдды суға құлап, қатып қалған ұшатын табақшалар сияқты. Немесе мұзға оранған көне медузалар дерсің. Шын-дығында бұл мұз дөңгелектері қатып қалған метан көпіршіктерінен тұрады. Олар су астында қатып, ерекше көрініс тудырады. Мұндай көпіршіктерді қыс түскенде солтүстік ендіктерде орналасқан көлдерден көруге болады. Мысалы, канадалық Альберта провинциясындағы Абрахам көлі. Олар суға түскен құрғақ жапырақтар, шөптер мен жануарлар батып, метан бөлетін бактерияларға қорек болғанда пайда болады.

Газ қатқан сумен әсерге түскенде ондаған мың аппақ мұз дискіне айналатын көпіршіктер түрінде бөлінеді. Бұл ғаламат әрі қауіпті көрініс. Себебі жылы газ ғаламшардағы жылымыққа ғана сеп болып қоймай, оңай тұтанғыш болып табылады.

Көктемде мұз ери бастап, мұз құрсауынан босаған метан көпіршіктері жарылып, быжылдайды. Алайда осы төңіректе әлдекім сіріңке шырпысын тұтатуды ойға салса, метан массасының барлығы жанып, алапат жарылыс орын алады.

Әуесқой саяхатшылар аталған газ ғаламатына канадалық Банф ұлттық саябағындағы көлдерден не Солтүстік Мұзды мұхит жағалауының Сібір жағынан куә бола алады. Бұл төңіректен ғалымдар диаметрі 900 метрді құрайтын үлкен газ көпіршіктерін байқаған.

Қанды сарқырама (Антарктика)

Бұл табиғаттағы ғажайып құбылыстың атауы-ақ бәрін айтып тұрғандай. Антарктиканың шығысындағы Мак-Мердо Құрғақ алқаптарында орналасқан қанды сарқырама баяу аққан күрең қан бұлағы сынды көрінеді. Әрі ол аппақ Тейлор мұздығы мен сарқырама құлайтын Бонни көлін қанға бояғандай.

Тосын әрі қорқынышты көрініс! Алайда жүрегіңді тітірентетін тамышлар қан емес. Және Антарктиканы алғаш зерттеушілер бастапқыда топшылағандай, қызыл балдырлармен боялған су да емес.

Шын мәнісінде жұмбақтың шешімі өте тұзды мұзасты көліндегі жосада жатыр. Шамамен екі миллион жыл бұрын өте тұзды су Тейлор мұздығымен жабылып, жарықсыз, оттегісіз, жылусыз қалған. Мұздағы жарықты өткен су ауадағы оттегімен әрекетке түсіп, бұл ғажайып сарқырама тат түсін алады.

Бұл саяхатшылар үшін де, ғалымдар үшін де нағыз ғажайып құбылыс. Америкалық антарктикалық Мак-Мердо станциясынан, Скотт жаңа зеландиялық зерттеу станциясынан тек тікұшақпен не Росса теңізінен круизді кеме арқылы жетуге болатын Тейлор мұздығы – мұндай таңданарлық құбылысты бақылауға болатын әлемдегі жалғыз табиғат туындысы.

Қозғалатын тастар (АҚШ)

Саяхатшылар «Өлім алқабы» калифорниялық ұлттық саябағындағы құрғап қалған Рейстрэк-Плайя көлінің түбінде артында із қалдыра қозғалған оншақты тасты байқағанда, ғалымдар тығырыққа тірелген-ді. Кейбірінің салмағы 300 килограммды құрайтын үлкен тастар саябақтың бұл окшау бөлігінен тұтастай 250 метрге қалай жылжығанының өзі таңданыс тудырады. Бұл құбылыс кей із жолдарының қисық, кейбірінің түзу екенін есепке алғанда, одан әрі тылсым сияпт ала түседі.

Бұл жұмбақтың артында тұрған не нәрсе? Оның себебін түсіндіру үшін көптеген тұжырым алға тартылды: олардың басымагнит өрісі мен құмды қүйыннан басталып, эзілқойлардың, тіпті бөтен ғаламшарлықтардың араласуына дейін жалғасады.

Жұмбақтың шешімін табу тек ауада қалқу және ғарыш кеңістігін зерттеу бойынша АҚШ Ұлттық басқармасының ғылыми қызметкері Ральф Лоренцтің еншісіне бұйырған еді. Ол 2006 жылы қозғалатын тастардың әрекетін түсіндіру үшін, пластик контейнерге 2,5 сантиметр болатындай су құйып, оған кішігірім тасты қатыру арқылы тылсым құбылыстың моделін жасады. Осы арқылы тастардың құпия қозғалысы түсіндірілген-ді.

Қыста Рейстрэк-Плайя суға толып, түбінде шапылып жатқан тастар мұз болып қалады. Мұз қалқымалылығының жоғары екенін есепке алғанда, қатып қалған тастар батпақты көл түбінде із қалдыра қозғалу үшін самал желдің өзі жеткілікті.

Күн жыли бастағанда мұз еріп, су буланады. Ал жерде тек тастар мен олардың жұмбақ ізі ғана қалады. Мұндай қозғалатын тастарды бірнеше жерден көруге болады. Олардың қатарында америкалық Невада штатындағы Литтл-Бонни-Клер-Плайя бар. Десе де ең танымалдары Өлім алқабында жатыр.

(Материал ғаламтордан алынды).

Құттықтаймыз!



Құрметті көршілеріміз **Сейіт Байқожаұлы Жарқынбаев** және **Светлана Сейсекеева**!

Сіздерді мерейлі 70 жасқа толуларыңызбен көршілеріңіз атынан шын жүректен құттықтаймыз!

Жетпіс жас – өмірдің асқар белесі, ақыл мен парасаттың, еңбек пен өнегенің жемісі. Сіздер әрдайым адамгершіліктеріңізбен, қарапайым мінездеріңізбен, ақ пейілдеріңізбен айналыңызға сыйлы болып келесіздер.

Дендеріңізге саулық, көңілдеріңізге шаттық, шаңырақтарыңызға бақ-береке тілейміз! Балаларыңыздың, немерелеріңіз бен шөберелеріңіздің қызығын көріп, ұзақ ғұмыр кешіңіздер. Әр күніңіз қуанышқа, әр таңыңыз жақсылыққа толы болсын!

Осы мерейлі жасқа аман-есен жеткендеріңіз құтты болсын! Денсаулықтарыңыз мықты, өмірлеріңіз ұзақ, отбасыларыңыз аман, дастархандарыңыз мол, мерейлеріңіз үстем болғай!

Жетпіс жас – асқар белес, өмір шыңы, Құт-береке, шаттық болсын әр күніңіз. Жақсы жандар аман болып ортамызда, Жүзге жетіп, қуансын бар ұрпағыңыз.

Ізгі тілекпен: көршілеріңіз – Марат М., Марат А., Нескен, Өмірбек, Дакен, Дакен, Кармай, Аңсаған, Дулат, Наурызбай, Ержан, Нұрлан, Қайрат, Жасұлан, Саят, Нұртай, Азамат.

Құттықтаймыз!

Құрметті **Бауымбеков Серік**!

Сізді мерейлі 60 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Алпыс жас – өмірдің асыл белесі, ақыл-парасат пен мол тәжірибенің, еңбектің жемісі. Осы жасқа дейін отбасыңыздың тірегі, ағайын-туысқа сыйлы, айналыңызға қадірлі азамат болып келесіз. Деніңізге саулық, жаныңызға тыныштық, шаңырағыңызға береке, дастарханыңызға молишылық тілейміз.

Балаларыңыздың қызығын көріп, немере-шөберелеріңіздің шат күлкісіне бөленіп, ұзақ ғұмыр сүріңіз. Әр күніңіз қуанышқа, әр жылыңыз табыс пен бақытқа толы болсын. Денсаулығыңыз мықты, мерейіңіз үстем, абыройыңыз асқақ болып, әрдайым жақындарыңыздың ортасында аман-есен жүре беріңіз!

Мерейтойыңыз құтты болсын! Жасыңыз ұзақ, ғұмырыңыз баянды, бақытыңыз мәңгі болсын!

Алпыс келіп, өміріңіз гүлденсін, Жақсылықтар жүрегіңізді тербесін. Бірге өткен сол мектептің жылдары, Достығымыз мәңгілікке өрлесін.

Тілек білдірушілер. Әубәкіровтер отбасы.

Құрылтайшысы: «Aqtogai aяary»
Ақтоғай аудандық газетінің редакциясы» ЖШС.
Редактор: Нұрдәулет Ақторғай.

Меншік иесі: «Aqtogai aяary»
Ақтоғай аудандық газетінің редакциясы» ЖШС.
(күәліктегі ресми атаумен келісілген)

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде 2020 жылдың 10 қаңтарында қайта тіркелді.

Тіркеу күәлігі:
KZ94VPY00019192

Алғашқы тіркеу күні мен нөмірі: 1999 жылғы 09 шілде, №578-Г

Газет апта сайын 1 рет шығады

Таралымы 1030 дана

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді.

Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, №1 а үй.

Телефондар: редактор: 2-18-81, 87085474303

Электрондық пошта: aqtogai_red@mail.ru

Газетке А4 форматты 3 беттен асқан материалдар қабылданбайды.